

Сәулет, қала құрылысы және құрылыс  
саласындағы мемлекеттік нормативтер  
**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ**

---

Государственные нормативы в области  
архитектуры, градостроительства и строительства  
**СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ӨНЕРКӘСІПТІК КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ  
БАС ЖОСПАРЛАРЫ**

---

**ГЕНЕРАЛЬНЫЕ ПЛАНЫ  
ПРОМЫШЛЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ**

**ҚР ҚН 3.01-03-2011  
СН РК 3.01-03-2011**

Ресми басылым  
Издание официальное

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің  
Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер  
ресурстарын басқару комитеті

Комитет по делам строительства, жилищно-коммунального  
хозяйства и управления земельными ресурсами  
Министерства национальной экономики Республики Казахстан

Астана 2015

## АЛҒЫ СӨЗ

- 1 **ӘЗІРЛЕГЕН:** «ҚазҚСҒЗИ» АҚ, «ЗЦ АТСЭ» ЖШС
- 2 **ҰСЫНҒАН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің Техникалық реттеу және нормалау басқармасы
- 3 **БЕКІТІЛГЕН ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛГЕН:** Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері және жер ресурстарын басқару комитетінің 2014 жылғы 29-желтоқсандағы № 156-НҚ бұйрығымен 2015 жылғы 1-шілдеден бастап

## ПРЕДИСЛОВИЕ

- 1 **РАЗРАБОТАН:** АО «КазНИИСА», ТОО «ЗЦ АТСЭ»
- 2 **ПРЕДСТАВЛЕН:** Управлением технического регулирования и нормирования Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства национальной экономики Республики Казахстан
- 3 **УТВЕРЖДЕН (Ы) И ВВЕДЕН В ДЕЙСТВИЕ:** Приказом Комитета по делам строительства, жилищно-коммунального хозяйства и управления земельными ресурсами Министерства Национальной экономики Республики Казахстан от 29.12.2014 № 156-НҚ с 1 июля 2015 года.

Осы мемлекеттік нормативті Қазақстан Республикасының сәулет, қала Құрылысы және құрылыс істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органының рұқсатыңыз ресми басылым ретінде толық немесе ішінара қайта басуға, көбейтуге және таратуға болмайды

Настоящий государственный норматив не может быть полностью или частично воспроизведен, тиражирован и распространен в качестве официального издания без разрешения уполномоченного государственного органа по делам архитектуры, градостроительства и строительства Республики Казахстан.

## МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	
1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ.....	1
2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	1
3 ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР.....	3
4 МАҚСАТТАР ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІК ТАЛАПТАР .....	5
4.1 Нормативтік талаптар мақсаты.....	5
4.2 Қызметтік талаптар.....	5
5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.....	7
5.1 Өндірістік кәсіпорындарды орналастыру.....	7
5.2 Аймақтарды жоспарлау, ғимараттар мен құрылыстарды орналастыру.....	10
5.3 Тік жоспарлау.....	13
5.4 Абаттандыру.....	15
5.5 Инженерлік желілерді орналастыру. Жалпы ережелер.....	16
5.6 Жер асты желілері.....	17
5.7 Жердегі желілер.....	18
5.8 Жер үсті желілері.....	19
6 ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ.....	19
7 ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.....	20
8 ӨНЕРКӘСІПТІК КӘСІПОРЫНДАР АУМАҚТАРЫНДА ЖАЗАТАЙЫМ ОҚИҒАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ МЕН ПАЙДАЛАНУДАҒЫ ҚОЛ ЖЕТІМДІЛІККЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР .....	21
8.1 Жалпы ережелер.....	21
8.2 Жолдар, кіру жолдары, жүру жолдары.....	21
8.3 Мүгедектер мен халықтың қозғалысы шектелген топтарына арналған аумаққа қол жетімділік.....	22

**КІРІСПЕ**

Осы құрылыс нормалары «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, өнеркәсіптік кәсіпорындар құрылысын жоспарлауға және салуға қойылатын талаптарды регламенттейтін құқықтық нормативтік және техникалық актілерге сәйкес дайындалған.

Осы мемлекеттік нормативтің негізгі бағыты – өнеркәсіптік кәсіпорындар аумағын ұйымдастыруда қала құрылысын жоспарлаудың жаңа принциптерін ескеріп, өндірістегі еңбек жолының қолайлы, қауіпсіз ортасын құруда азаматтардың және қоғамның заңмен қорғалатын сұраныстарын қамтамасыз ету.

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫС НОРМАЛАРЫ  
СТРОИТЕЛЬНЫЕ НОРМЫ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН**

**ӨНЕРКӘСІПТІК КӘСІПОРЫНДАРДЫҢ БАС ЖОСПАРЛАРЫ**

**ГЕНЕРАЛЬНЫЕ ПЛАНЫ ПРОМЫШЛЕННЫХ ПРЕДПРИЯТИЙ**

Енгізілген күні - 2015-07-01

**1 ҚОЛДАНУ САЛАСЫ**

1.1 Нағыз құрылыс нормалары жаңа және реконструкцияланатын өнеркәсіптік кәсіпорындар (әрі қарай мәтін бойынша - кәсіпорындар) бас жоспарына, сонымен қатар ортақ нысандары бар кәсіпорын топтарының (әрі қарай мәтін бойынша – өнеркәсіп тораптары) бас жоспарлар сызбасына таралады (өнеркәсіптік кәсіпорындарды және оларды жобалау нормаларын орналастыру, жоспарлауды ұйымдастыруды және құрылысын салу бойынша функционалдық талаптарын, нормативтік талаптардың мақсаттарын тағайындайды).

1.2 Нағыз мемлекеттік норматив кәсіпорының құрылысы, пайдалануға беру және жою үрдісі кезіндегі адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қоса есептегенде, өндірістік ортаның жағымсыз әсерінен адамдардың өмірін және денсаулығын қорғау мақсатында жобалауға, құрылысын жүргізуге, қайта салуға және техникалық қайта қаруландыруда қойылатын қолдану үшін міндетті қауіпсіздіктің жалпы талаптарын тағайындайды.

1.3 Нағыз норманың талаптары өндірістік кәсіпорындар және өнеркәсіп тораптарының бас жоспарын жобалауды жүзеге асыратын барлық заңды және жеке тұлғаларға орындау үшін міндетті болып табылады.

1.4 Өндірістік бағыттағы нақты нысандар бойынша нағыз құрылыс нормаларынан ауытқуға рұқсат, негізделген жағдайда осы ауытқулардың орнын толтыратын іс-шаралар болған кезде ҚР сәулет, қала құрлысы және құрылыстар істері жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органмен келісіледі.

Әртүрлі бағыттағы кәсіпорындарға қойылатын қосымша талаптар (мұнайхимиялық кешендер, электр тоғы көзінің нысандары, азық-түлік кәсіпорындары, автокөлік және теміржол жолдары, көпірлер және тоннельдер, әуежайлар және т.б.) Қазақстан Республикасындағы сәйкес келетін нормативтік-техникалық құжаттарындағы әртүрлі талаптарды тағайындауы мүмкін.

**2 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР**

Нағыз құрылыс нормаларын қолдану үшін төмендегіндей заңнамамық құқықтық актілер және нормативтік құжаттардың сілтемелері қажет:

**Ресми басылым**

## **ҚР ҚН 3.01-03-2011**

2001 жылғы 16 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» №242- II. Қазақстан Республикасының Заңы 2011 жылғы 25 қаңтар жағдайындағы өзгерістер және толықтырулармен.

2007 жылғы 9 қаңтардағы № 212-III Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі.

2003 жылғы 20 маусымдағы №442-II Қазақстан Республикасының Жер кодексі.

2003 жылғы 9 маусымдағы №481-II Қазақстан Республикасының Су кодексі.

2010 жылғы 15 шілдедегі №339-IV «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

2010 жылғы 17 қарашадағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №1202 Қаулысы «Ғимараттар мен құрылыстардың, құрылыс материалдары мен бұйымдардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптар» техникалық регламенті.

2009 жылғы 16 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №14 Қаулысы «Өрт қауіпсіздігіне қойылатын жалпы талаптар» техникалық регламенті.

2008 жылғы 29 тамыздағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің №796 Қаулысы «Ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды автоматты түрде өрт сөндіру және автоматты өрт дабылымен, өрт кезінде адамдарға хабарлау және оларды эвакуациялауды басқару жүйелерімен жабдықтау жөніндегі талаптар» техникалық регламенті.

МСН 2.02-05-2000\*( 2008 басп.) Автокөліктер тұрағы.

ҚР ҚНМЕ 2.04-01-2010 Құрылыс климатологиясы.

ҚР ҚНМЕ 2.02-05-2009\* Ғимараттар мен құрылыстардағы өрт қауіпсіздігі

ҚР ҚНМЕ 1.03-01-2001 1520 мм. теміржол жол даңғылы

ҚР ҚН 1.02-03-2011 Құрылыс салуға арналған жобалық құжатты әзірлеу, келісу, бекіту және құрамының тәртібі.

ҚР ҚН 1.02-02-2013 Құрылысқа арналған инженерлік іздеулер. Сейсмикалық шағын аймақтандыру. Жалпы ережелер.

ҚР ҚН 2.02-11-2002 Ғимараттарды, үй-жайларды және құрылыстарды автоматты түрде өрт сөндіру дабылымен, автоматты түрде өрт сөндіру құрылғыларымен және өрт туралы адамдарға хабарлау жүйелерімен жабдықтау нормалары

ҚР ҚН 2.03-02-2012 Су басқан және судың деңгейі көтерілген аймақтардағы инженерлік қорғау.

ҚР ҚН 2.04-02-2011 Шудан қорғау.

ҚР ҚН 3.01-04-2011 Ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының бас жоспарлары

ҚР ҚН 3.01-01-2013 Қала құрылысы. Қалалық және ауылдық елді мекендерді жоспарлау және құрылысын салу.

ҚР ҚН 3.02-29-2012 Қоймалық ғимараттар.

ҚР ҚН 3.03-01-2013 Автомобиль жолдары.

ҚР ҚН 3.06-01-2011 Ғимараттар мен имараттардың қимылы шектеулі топтар үшін қолжетімділігі.

ҚР ҚН 4.01-03-2013 Сумен жабдықтау мен кәріздің сыртқы желілері және имараттары.

ҚР ҚН 441-72\*( 2005 басп.) Кәсіпорын, ғимарат және құрылыстардың қоршау алаңын және учаскесін жобалау бойынша Нұсқау.

ЭҚОҚ Электр қондырғыларын орнату қағидалары.

2005 жылғы 8 шілдедегі ҚР Денсаулық сақтау министрінің № 334 бұйрығымен бекітілген «Өндірістік нысандарды жобалауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық-эпидемиологиялық ережелер және нормалар.

**ЕСКЕРТПЕ** Нағыз құрылыс нормаларын пайдаланған кезде сілтемелік құжаттар қолданысын көпшілік пайдаланатын, Интернет желісінде немесе жыл сайын жарық көретін Құрылыс саласындағы нормативтік құқықтық актілер және нормативтік-техникалық құжаттар тізімі – 1.1 АГАК ақпараттық нұсқаулығы бойынша тексеру мақсатты. Ағымдағы жылдың 1 қаңтар жағдайы бойынша нормативтік актілер және құжаттар. Егер сілтеме құжат ауыстырылған (өзгертілген) болса, онда осы құрылыс нормаларын пайдаланған кезде ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтеме құжат ауыстырылмай жойылған болса, онда оған сілтеме жасалған ереже сол сілтеме қатысынсыз бөлікке қолданылады.

### 3 ТЕРМИНДЕР ЖӘНЕ АНЫҚТАМАЛАР

Құрылыс нормалары мәліметтерінде сәйкес анықтамалары бар терминдер қолданылады:

**3.1 Тік жоспарлау:** Аз көлемді жерқазу жұмыстарын орындауды және беткі сулардың ағуын қамтамасыз етуді ескеріп, өнеркәсіп аумағындағы жер бедерін ұйымдастыру;

**3.2 Гараж кешендері:** Автокөлік және қосалқы бөлшектерді сату автосервисімен байланысты, сақтау, тұрақтау, техникалық қызмет және басқа да қызмет түрлері көрсетілуге арналған ғимарат немесе ғимараттар тобы. Гараж кешені құрамына шағын жанар-жағармай құю бекеттері кіруі мүмкін. Гараж кешендері функциональдық маңызы әртүрлі нысандармен толықтырылуы мүмкін.

**3.3 Бас жоспар:** Қазақстан Республикасы заңында белгіленген тәртіпте бекітіледі және негізгі заңды құжат болып табылады; жер учаскесін жоспарлы ұйымдастыру сызбасы; құрылыс қызметін реттейтін, тұрғындардың қауіпсіз өмір сүру шартын анықтайтын, қажетті санитарлы-гигиеналы, экологиялық талаптарды қамтамасыз ететін құрылыс құжатының түрі.

**3.4 Жаңа құрылыс:** Қосалқы және жаңадан құрылған кәсіпорынға қызмет көрсететін нысан кешені құрылысы, сонымен қатар техникалық, экономикалық немесе экологиялық шарттар бойынша одан әрі пайдалану мақсатты емес деп танылған таратылған кәсіпорын орнына өнеркәсіптің жаңа аумағындағы құрылыс.

**3.5 Құрылыс нысаны:** Салынып жатқан құрылыс немесе ғимарат, құрылысы, қайта құрылуы, техникалық қайта қаруландыруы немесе кеңейтілуі жобамен қарастырылған және оған кіретін барлық қондырғылар, инженерлік коммуникациялық, қосалқы және көмекші құрылыстар және құрылғылар.

**3.6 Қоршаған орта:** Ұйым қызмет істеп жатқан сыртқы орта, оған ауа, су, жер, табиғи ресурстар, флора және фауна, адамдар және олардың өзара қарым-қатынасы қоса кіреді.

**3.7 Кәсіпорынды жоспарлау және салу:** Технологиялық үрдіске сәйкес аумақты аса тиімді пайдалануды қамтамасыз етіп, жеке ғимараттар арасындағы көлік байланысын

азайтып, инжелерлік желілерді тиімді орналастырып, аумақты жоғарғы деңгейде абаттандырып және көркейтіп ғимараттар және құрылыстар салу.

**3.8 Автокөлікт тұрағы:** Функционалдық бағыты әртүрлі нысан келушілеріне тиесілі автокөлік құралдарын тұраққа уақытша қою.

**3.9 Ерекше қорғалатын табиғат аумағының табиғи кешендері:** Ерекше қорғалуға жататын өлі табиғатты және биологиялық әртүрлі нысандар жиынтығы.

**3.10 Магистраль жанындағы аумақ:** Қиылыстарда жалпықалалық маңызы бар магистральды көшелермен жанасатын аумақ, қаланың орталық ауданын қала көшелерімен немесе қала тораптары магистральға жақын орналасқан нысан учаскелер сәйкес енінде терендіктерді жалғастырады, қызыл сызықтан 50 м. артық емес.

**3.11 Құрылыс тығыздығы:** Ғимараттың және құрылыстардың жер бетіндегі қабаттар құрылысының жалпы ауданы сыртқы қабырған көрінеді, аумақ бірлігіне (мың. м<sup>2</sup>/га) және аумақ бірлігіне келетін көше-жол желісінің ұзындығы (а. шақырым/га).

**3.12 Кәсіпорын:** Негізгі, қосалқы және қызмет көрсетуге бағытталған нысандар кешені.

**3.13 Пайдаланушы:** Ғимаратты (құрылысты) немесе функционалдық бағыты бойынша оның бір бөлігін пайдаланатын заңды немесе жеке тұлға.

**3.14 Қолданыстағы кәсіпорынды қайта салу:** Техникалық – экономикалық өндіріс көлемінің артуымен байланысты негізгі, қосалқы және қызмет көрсетуге бағытталған нысанды қайта тағайындау.

**3.15 Санитарлық-қорғаныс зонасы:** Штаттық тәртіпте нысанды пайдалану кезінде тұрғындардың қауіпсіздік деңгейін қамтамасыз ететін кеңістік және өсімдіктер аймағы.

**3.16 Ғимараттардың, құрастырылымдардың, құрылыстардың және өрттен қорғану қалтарыстарының өртке қарсы тұрақтылық деңгейі:** Аталған құрылыстардың, құрастырылымдардың, құрылыстардың және өрттен қорғау қалтарыстарының құрылысы үшін қолданылатын өртке қарсы тұрақтылық шектерімен анықталады.

**3.17 Құрылыс:** Бірыңғай жобалық құжат бойынша жүзеге асырылып жатқан ғимараттың және құрастырылымның (нысанның), құрылыс, кеңейту немесе жаңғырту жиынтығы.

**3.18 Инженерлік желілер:** Елді мекендерде, сонымен қатар ғимараттар (құрылыстар) аумағында төселетін (су құбыры, канализация, газ, жылу, байланыс және басқалар) әртүрлі мақсатта пайдаланылатын құбырлар және кабельдер.

**3.19 Кәсіпорын аясындағы құрылыс:** Техникалық қайта қаруландыру немесе қолданыстағы кәсіпорынның, қосалқы және қызмет көрсетуге бағытталған нысан шегіндегі құрылыстардың, энергетикалық және көлік шаруашылығы, байланыс, сыртқы желілер және сумен, жылумен, канализация және газбен қамтамасыз ету құрастырылымы қуатын арттыру.

**3.20 Жанасу аумағы:** Өнеркәсіптік аймақты және басқа функционалдық мақсаттағы аумақты көше құрылысы ауқымын қалыптастыратын аумақ бірлестігі (тұрғын үй, қоғамдық, рекреациялық).

**3.21 Байланыс-жанасу:** Өндірістік кәсіпорындарды тұрғын құрылыстарынан бөлетін аумақ.



3.22 **Қолданыстағы кәсіпорынды техникалық қайта қаруландыру:** Жекелеген өндірістердің, алдыңғы қатарлы техниканы және технологияны енгізу негізіндегі кәсіпорын учаскелерінің техникалық-экономикалық деңгейін жоғарлату бойынша шаралар кешені.

3.23 **Өндірістік торап:** Кәсіпорын, технопарк, немесе жекелеген учаскедегі немесе жергілікті мемлекеттік меншіктегі жерлердегі учаскенің біреуінде орналасқан нысандары ортақ кәсіпорын тобы.

3.24 **Учаске:** Нақты функционалдық, құрылыс, ландшафттық бағыттағы ерекшеленген бөлігі.

## 4 МАҚСАТТАР ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІК ТАЛАПТАР

### 4.1 Нормативтік талаптар мақсаты

#### 4.1.1 Құрылыс нормаларының мақсаты:

– қолайсыз өндірістік орта әсерінен адам өмірін және денсаулығын қорғауды қамтамасыз ететін, сондай-ақ өндістегі еңбек етуге қажетті шарттарды және құрылыс, кәсіпорынды пайдалануға беру және тарату үрдісінде адамдардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуді қоса қарастыратын, жоспарланған ұйымның және өнеркәсіптік кәсіпорын құрылысын орналастыру бойынша талаптарын анықтау болып табылады;

- өндірістік кәсіпорын технологиялық үрдістеріне жауап беретін, сондай-ақ құрылыс ауданының табиғи-климаттық шарттарын ескеріп, ғимараттар мен құрылыстарды тиімді орналастырып, аумақты тиімді пайдалану.

### 4.2 Қызметтік талаптар

4.2.1 Өндірістік алаңды таңдау бойынша қызметтік талаптар және санитарлық – қорғаныс аймағын ұйымдастыру:

- аталған құрылыс нормалары жобалауда, реконструкциялауда және техникалық қайта қаруландыруда кәсіпорындарда қауіпсіздіктің қызметтік, гигиеналық жалпы талаптарын қолдану үшін міндеттерді тағайындайды, техногенді фактор әсерінен жұмыскерлердің денсаулығын сақтау және қоршаған ортаны қорғау үшін қажетті еңбек шарттарын қамтамасыз етеді;

- жаңадан салынатын, кеңейтілетін, реконструкцияланатын, сонымен қатар қолданыстағы өндірістік нысандарды орналастыруға арналған алаңды таңдауға қойылатын талаптар қолданыстағы жер, су, орман, қала құрылысы және т.б. заңнамаларға сәйкес қойылады;

- өндірістік нысанды орналастыру мүмкіндігі туралы қорытынды беруге мүмкіндік беретін, тапсырыс беруші ұсынған көлемдегі материалдар негізінде инвестицияны негіздеген кезде құрылысқа арналған алаң жобалауға дейінгі деңгейде таңдалынады;

- жаңадан салынатын және қызмет істейтін нысандарды кеңейту құрылысына арналған алаң аэроклиматтық, жергілікті жер бедері, жел соғатын жақтан тұрғын үй, рекреациялық, курорттық аймақ, тұрғындардың демалыс аймағына қатысы бойынша

## ҚР ҚН 3.01-03-2011

атмосферадағы өндірістік лақтырыстардың таралу заңдылық сипаттамалары ескеріліп таңдалынады;

- рекреациялық аумақтарда (су, орман, ландшафттық), сумен қамтамасыз ету көзін санитарлық қорғау аймағында, өзендердің су қорғау және жағалау аймақтарында, курорттардың қорғалатын аймақтарында жаңа өндірістік нысандарды орналастыруға рұқсат етілмейді;

- тұрғын үй құрылысы аумағында қолданыстағы санитарлық ережелерге және басқа реттейтін құжаттарға сәйкес санитарлық-қорғау аймағын ұйымдастыруға мүмкіндік болған кезде 3, 4, 5-ші сыныпты өндірістік нысандарды орналастыруға рұқсат етіледі. Тұрғын үй аймағында және тұрғындардың жаппай демалу орындарында өндіріс, кәсіпорын, нысандарды қолданыстағы санитарлық жіктеуге сәйкес 1, 2-ші сыныптағы нысандарды орналастыруға рұқсат етілмейді;

- адам денсаулығына және қоршаған ортаға жағымсыз есер ету көзі болып табылатын технологиялық үрдістері бар өндірістік нысандар үшін өндіріс, кәсіпорын, нысандар санитарлық жіктеуіне сәйкес санитарлық –қорғау аймағы (бұдан әрі СҚА) тағайындалады;

- СҚА өлшемі, оны ұйымдастыру және абаттандыру қолданыстағы нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес анықталады;

- СҚА немесе оның қандай да болмасын бөлігі нысанның қосымша аумағы ретінде қарастырыла алмайды және өндірістік немесе тұрғын үй аумағын кеңейту үшін пайдалануға жатпайды;

- санитарлық-тұрмыстық және емдеу-алдын алу қызмет көрсету қажетті кешенімен, сонымен қатар санитарлық ережелермен талап етілетін басқа да алдын алу құралдары қызметкерлерді қамтамасыз ету бойынша жаңадан салдынатын және реконструкцияланатын (немесе қайта пішіндендірілетін) өндірістік нысандар зиянды өндірістік фактордың әсерін төмендету, өнеркәсіптің зиянды лақтырысынан, шығарындысы және қалдығынан қоршаған ортаны қорғау бойынша тиімді шешімдер мазмұндалмаса, жүзеге асырылуға жіберілмейді.

4.2.2 Бас жоспарды әзірлеуге қажетті қызметтік талаптар. Кәсіпорындардың, технопарктердің және өндірістік тораптардың бас жоспарларында келесілерді қамтамасыз ету керек:

- технологиялық байланыстарды, санитарлық-гигиеналық және өртке қарсы талаптарды, жүк айналымын және көлік түрлерін ескеріп аумақты қызметтік аймақтарға бөлу;

- кәсіпорындардағы, өзара және тұрғын үй және басқа да аумақтық аймақтармен тиімді өндірістік, көліктік және инженерлік байланыстар;

- өндірістік кәсіпорын аумағында бір-бірінен арақашықтықпен бөлінген, олардың өлшемдері өндірістік ғимараттармен шектескеннен пайда болатын циркуляция аймағының енінен кіші емес әкімшілік-шаруашылық және көмекші, өнеркәсіптік және көлік-қойма аймақтарын бөлу қажет;

- өндірістік ғимараттар және технологиялық қондырғылардың ашық алаңдары басым жел бағытымен қатар орналасуы керек;

- тұрғын үй және басқа да қаланың немесе елді мекеннің аумақтық аймақтарына қызмет көрсететін өндірістің және шаруашылықтың негізгі және қосымша учаскелерін, ұқсас өндіріс және шаруашылықты қоса есептеп кооперативтендіру;

- рұқсат етілген өндірістік және тұрмыстық қалдықтарды жинауға және уақытша сақтауға арналған орын, сонымен қатар қалдықтарды зарарсыздандыру және қайта өңдеубойынша қондырғы өндірістік нысан алаңдарының өлшемдері, шаң газтазалау және оқшауланған тазарту құрылғыларын қоса есептегенде негізгі және қосымша құрылыстарды орналастыру үшін жеткілікті болуы керек;

- өндірісті кеңейту үшін қажетті және негізделген қорлар кезінде жер үсті және жер асты кеңістігін қоса есептегенде аумақты барынша пайдалану;

- жұмыскерлерге бірыңғай қызмет көрсету желісін ұйымдастыру;

- іске қосу кешендері немесе кезектерін пайдалануды енгізу және құрылысты жүзеге асыру мүмкіндігі;

- құрылыстан және жолдан бос өндірістік нысан аумағын абаттандыру және көркейту қажет;

- ғимараттар және құрылыстар арасындағы бос алаңды жапырақты ағаштармен көрсейтеді;

- өндірістік кәсіпорындар аумағындағы қоршаған ортаға жағымсыз әсерін барынша төмендету мәліметтері бойынша, сонымен қатар қатты тұрмыстық, өндірістік қалдықтар және ағындарды қайта өңдеу және жою бойынша экологиялық талаптарды сақтап орналасуы керек;

- жанасатын кәсіпорын сәулетімен және тұрғын үй құрылысымен байланыстырып біртұтас сәулет ансамблін құру;

- аумақ ауласын тот басудан, жер асты суларын және ашық ағын суы бар су көздерін батпақтанудан, тұзданудан және ластанудан, өндірістік қалдықтар мен лақтырыстардан қорғау;

- құрылысты жүргізу барысында бұзылған, уақытша пайдалануға берілген жерді қалпына келтіру (рекультивация).

## **5 ЖҰМЫС СИПАТТАМАЛАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

### **5.1 Өндірістік кәсіпорындарды орналастыру**

5.1.1 Өндірістік кәсіпорындардың бас жоспарларын «Нормативтік сілтемелер» бөлімінде және осы құрылыс нормаларында келтірілген өндірістік кәсіпорынды жоспарлау және құрылысы талаптырын реттейтін «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, нормативтік құқықтық және техникалық актілерге сәйкес жобалау қажет.

Жобаланатын кәсіпорынды қалалар және елді мекендер бас жоспарымен қарастырылған өндірістік аумақтарда немесе елді мекеннен тыс аймақтағы ҚР ҚН 3.01-01, СН РК 1.02-03 талаптарымен қарастырылған өндірістік аймақтар аумағында орналастыру ұсынылады.

## ҚР ҚН 3.01-03-2011

Өндірістік құрылысты дамыту және орналастыру мемлекеттің халықтың шаруашылығын дамыту ұзақмерзімді жоспарын ескеріп, ҚР аумағындағы өндірістік дамытуды және жекелеген салаларды орналастырудың бас сызбасы негізінде жүзеге асырылады.

5.1.2 Кәсіпорын және өндірістік байланыстарды сәйкес аумақтағы жоспарлау жобасымен, аумақтық ауданды жоспарлау сызбасымен, елді мекен, қала бас жоспарымен қарастырылған аумақтарда орналастыру қажет.

Кәсіпорындарды өндіріс сипаттарына сәйкес әртүрлі деңгейдегі кооперациялық топ құрамында, сондай-ақ жеке орналастыру қажет. Өндірістік кәсіпорынның топ құрамы табиғи шарттарға және ресурстарға, экономикалық жағдайларға, әлеуметтік-экономикалық талаптарға сәйкес келуі керек.

5.1.3 Кәсіпорындар, өндірістік байланыстар және олармен байланысқан үйінділерді, қалдықтарды, тазалау қондырғыларын өнеркәсіпке арналған жерлерде, және де ауылшаруашылығына арналмаған немесе ауылшаруашылығы үшін жарамсыз басқа да жерлерге орналастыру.

Мұндай жерлер болмаған жағдайда сапасы нашар, шабындық, ауылшаруашылығына арналған жерлер таңдалуы мүмкін.

Кәсіпорындар және өндірістік байланыстарды ҚР Жер кодексі талаптарын ескеріп, мемлекеттік орман қоры жерінде орналастыру орманды емес жер учаскелерінде немесе бұталар және аса құнды емес талдар орналасқан жерлерге басым орналасуы керек.

5.1.4 Кәсіпорындар және өндірістік байланыстарды пайдалы қазбалар шөккен аумақта орналастыру мемлекеттік тау-кен қадағалау органының келісімімен, ал жалпы таралған пайдалы қазбалар шөгіндісі ауданында – Қазақстан Республикасы заңнамаларымен қарастырылған тәртіпте рұқсат етіледі.

Кәсіпорындар және өндірістік байланыстардың орналасуына жол берілмейді:

а) сумен қамтамасыз ету көздерінің санитарлық қорғау аймағының бірінші белдеуінде;

б) курорттардың санитарлық қорғау аймағының бірінші белдеуінде, егер жобаланған нысандар курорттың табиғи емдік құралдарын пайдаланумен байланысты емес болса;

в) қаланың жасыл аймақтарында;

г) ерекше қорғалатын аумақ жерінде, сондай-ақ қорықтарда және олардың қорғалатын аумақтарында;

д) ескерткіштерді қорғау сәйкес органының рұқсатынсыз тарих және мәдениет ескерткіштерін қорғау аймақтарында;

е) көмір және руда шахтасының үйінділерінің немесе байыту фабрикаларының қауіпті аймақтарында;

ж) өнеркәсіп құрылысына және пайдалануына қауіп төндіруі мүмкін тақта тас түзілу, лай тасқыны немесе тау-кен өндірісі әсерінен беткі қабаттың құлауы, сел және қар көшкіні жүріп өту белсенді аймақтарында;

з) санитарлық-эпидемиологиялық қызмет органдары тағайындаған мерзім аяқталғанға дейін органикалық және радиоактивті қалдықтармен ластанған учаскелерде;

и) плотина немесе дамбаның бұзылуы нәтижесінде мүмкін апатты су басу аймағында.

ЕСКЕРТПЕ Су басу тереңдігі 1,5 м. және одан жоғары және ғимараттар мен құрылыстар бұзылуы салдарынан адамдардың өлімі, өнеркәсіп құрылысының қатардан шығуы орын алатын апатты су басу аймағы болып табылады, ҚР ҚН 2.03-02 қараңыз.

5.1.5 Өндірістік байланыс аумағы жалпы желідегі темір немесе автокөлік жолдарымен ерекше учаскелерге бөлінбеуі керек.

5.1.6 сейсмо қауіпті аудандарды кәсіпорындарды орналастырғанда ҚР ҚН 1.02-02 сәйкес қарастырылдуы керек.

5.1.7 Атмосфералық ауа жағдайына әсер ететін кәсіпорындарды және өндірістік байланыстарды орналастырған кезде осы норманың 5.11 бөліміндегі талаптар ескерілуі керек.

5.1.8 Жануарлардың өмір сүру және көбею ортасына әсер ететін кәсіпорындарды және өндірістік байланыстарды орналастырған кезде сәйкесінше Республикалық Заң сақталуы қажет.

5.1.9 Атмосфералық ауаны ластайтын көздері бар кәсіпорындарды және өндірістік байланыстарды тұрғын үй құрылысына қатысты басым жел бағытын ескеріп орналастыру қажет.

Ерекше таза атмосфералық ауаны талап ететін кәсіпорынды атмосфералық ауаны ластау көзі бар көрші кәсіпорынға қатысы бойынша ҚР ҚНЖЕ 2.04-01 ескеріп, басым жел бағыты жағынан орналастыру қажет емес.

5.1.10 Өндірістік және селитебті аумақ арасында «Өндірістік нысандарды жобалауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарын», сондай-ақ «Өндірістік нысандардың санитарлық-қорғау аймағын тағайындау бойынша санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитарлық ережесін ескеріп сәйкес санитарлық-қорғаныс аймағын қарастыру қажет.

5.1.11 Өндірістік және автомобил көлігі, теміржол жолдары, электр тоғы желілерінің арасындағы арақашықтықты қолданыстағы құрылыс нормаларына және технологиялық жобалау нормаларына сәйкес қабылдау қажет.

5.1.12 Дыбыс деңгейі 50лБА және одан жоғары сырқы шу көзі бар өндірісті тұрғын үй және қоғамдық ғимараттарға қатысы бойынша ҚР ҚН 2.04-02 сәйкес орналастыру қажет.

5.1.13 Су жағдайына әсер ететін кәсіпорындарды және өндірістік байланыстарды орналастырған кезде Қазақстан Республикасының Су кодексі сақталуы керек.

5.1.14 Жүк айлағы, кемежай немесе басқа да порттық құрылыс құрылыстарын қажет ететін кәсіпорындарды селитебті аумақтан төмен өзен ағысының бойында орналастыру қажет.

5.1.15 Әуе кемелерінің ұшуына қауіп төндіруі мүмкін немесе аэродромдар радиотехникалық құралдарының қалыпты жұмысына кедергі келтіретін өндірістік кәсіпорындарды, ғимараттарды, құрылымстарды, радиотехникалық және басқа да нысандарды орналасу тәртібін келістіру мемлекеттік қызметтер келісімі бойынша қабылдау қажет.

## **ҚР ҚН 3.01-03-2011**

Қазақстан Республикасының авиация жөніндегі Мемлекеттік комитеттің келісімі бойынша және «Қазақстан Республикасының әуе кеңістігін пайдалану және авиация қызметі туралы»ҚР Заң талаптарын ескеріп, жаңа құрылысты орналастыру немесе бар нысандардың орналасуын өзгерту жатады.

5.1.16 Радиостанция орналасқан ауданда кәсіпорын, арнайы бағыттағы нысандар, күшті әсер ететін уытты заттар қоймасы орналасқан кезде көрсетілген нысаннан жобаланған кәсіпорынға дейінгі арақашықтық арнайы нормалар талаптарына, сондай-ақ «Өндірістік нысандарды жобалауға қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» ережесіне сәйкес қабылдануы керек.

5.1.17 Жарылғыш заттарды, материалдар мен өнімдерді дайындау және сақтау бойынша нысан маңында кәсіпорынды орналастыру, белгіленген тәртіпте тағайындалған арнайы нормативтік құжаттармен анықталатын, олардың негізінде тыйым салынған (қауіпті) аймақ және аудан шекарасын ескеріп, көрсетілген нысандарды енгізу мемлекеттік қадағалау, министрліктер және ведомствалар органдарымен келісіліп жүзеге асыру қажет

5.1.18 Кәсіпорынның үйінділерін, күл үйіндісін, шлак үйіндісін, қалдықтарды және лақтырыстарды жинау оларды пайдаға жарату мүмкіндігі қарастырылмаған негізде, оған қоса ереже бойынша өндірістік байланыстар үшін орталықтандырылған (топтастырылған) қалдықтарды қарастыру қажет. Оларға арналған учаскелерді кәсіпорын аумағынан тыс және жер асты су көздерін санитарлы қорғау аймағының II белдеуінің санитарлық нормаларды, және ҚР ҚН 2.03-02 нормаларын сақтап орналастыру қажет.

Құрамында көмір, тақта тас, мырыш, қоғасын, сынап және басқа жанатын және токсинді заттар бар заттар тұрғын үй және қоғамдық ғимараттардан және құрылыстардан санитарлық-қорғау аймағымен бөлінуі керек.

Белгіленген тәртіпте тағайындалған көмір және тақтатас шахталары қауіпсіздік ережелерімен анықталатын көмір үйінділері немесе тақта тас шахтасы және өндірістік және қойма ғимараттары арасындағы арақашықтық үйінді құлау қауіпті аймағы өлшемінен кіші болмауы керек.

### **5.2 Аймақтарды жоспарлау, ғимараттар мен құрылыстарды орналастыру**

5.2.1 Кәсіпорындардың, технобақтардың аумақтарын (алаңдарын) және өнеркәсіптік тораптардың аумақтарын жоспарлау кәсіпорындардағы өндірістік үрдіс және еңбек үшін барынша жайлы шарттарды, жер телімдерінің оңтайлы әрі үнемді қолданылуын және капитал салымдарының барынша тиімділігін қамтамасыз етуі тиіс.

Реконструкцияланатын өнеркәсіптік кәсіпорындардың және қалыптасқан өнеркәсіптік аудандардың бас жоспарларында қызметтік аумақтанудың реттелуін және инженерлік желілердің орналасуын қарастыру қажет.

5.2.2 Ғимараттар, құрылыстар, оның ішінде инженерлік желілер арасындағы арақашықтықты минималды рұқсат етілетін етіп қабылдау қажет.

5.2.3 Кәсіпорынның, технобақтың аумағын дамытудың бас жоспарында құрылыс ауданының табиғи ерекшеліктерін, ҚР ҚНЖЕ 2.04-01 ескеру қажет, атап айтқанда:

- а) ауа температурасы, сонымен бірге желдің басым бағыты;

- б) шынайы табиғи ортаның максималды мүмкін сақталуы;
- в) құрылыс белгіленген телімдердің желденетін жағынан төбелердің немесе жоғары жер бедерлерінің бар болуы салдарынан үлкен қар қатпарларының болу мүмкіндігі;
- г) атмосфералық ауаға ластаушы заттардың кедергі келтіретін жоғары ғимараттар мен құрылыстардың болуы.

5.2.4 Кәсіпорындар (алаңдар), технобақтар аумақтарында және өнеркәсіптік тораптар аумақтарында өндірісті жұмыскерлерге, технологиялық үрдістерге, шикізатқа, қондырғыға және өзге кәсіпорынның өнімдеріне, сонымен бірге халық денсаулығы мен өмірінің санитарлық-тұрмыстық шарттарына зиянды ықпалын шектей отырып, орналастыру қажет.

Өнеркәсіптік кәсіпорынның жоспарлы құрылымын таңдау кезінде адамның тіршілік ету ортасын ластанулардан, уланулар мен деградациялардан толық қорғай отырып, қалдықсыз технологияға негізделген үлгілерге басымдылық беру қажет.

5.2.5 Көмекші ғимараттарды қауіптіліктің 1 және 2-класты зиянды заттармен атмосфералық ауаның ластану қайнарларының аумақта (алаңда) болуы жағдайында, құрылыстар және ғимараттармен құрылатын циркуляциялық аумақтан (аэродинамикалық көлеңке) тыс орналастыру қажет.

5.2.6 Кәсіпорындардың гараждары мамандандырылған автокөліктер (апатты техникалық жәрдем, аумақты жинау және ұстауға арналған техникалық құралдар, өртке қарсы және құтқару қызметтері), сонымен бірге өндірістің қызмет етуін қамтамасыз ететін, өзге көлік құралдары үшін қарастырылады.

5.2.7 Кәсіпорын және өнеркәсіптік тораптар аумағындағы гараж-тұрақтар ғимараттары және тұрақтар МҚН 2.02-05 талаптарын ескере отырып, жобалау қажет.

5.2.8 Кәсіпорын, кәсіпорындар топтарының аумағын, оның ішінде технобақтар, инновациялық бақтар және т.б. түрінде қызметтік қолдану бойынша келесі аумақтарға бөлу:

- а) зауыт алдыңғы қызметтік аумаққа (участоктан тысқары немесе кәсіпорындар, технобақ шекаралары);
- б) зерттеу тағайындалуын және тәжірибелік өндірістер аумағын қоса алғанда өндірістік қызметтік аумаққа;
- в) қосалқы қызметтік аумаққа;
- г) қойма қызметтік аумағына.

Өнеркәсіптік тораптар аймақтарында келесі аумақтарды бөліп көрсету:

- а) қоғамдық орталықтың;
- б) кәсіпорындар, технобақтар алаңдары, оның ішінде технобақтар, инновациялық бақтар және өндіріс мекемесінің өзге интеграцияланған нысандары құрамындағы алаңдарға;
- в) қосалқы өндірістер және шаруашылықтардың жалпы нысандарына.

Аумақтарға бөлу кезінде құрылыстың нақты шарттарын ескере отырып, нақтылау қажет.

5.2.9 Өндірістік кәсіпорындардың, технобақтардың екі немесе одан да көп алаңдарын аймақтық біріктіретін өнеркәсіптік тораптың қоғамдық орталығының құрамы әрбір нақты жағдайда қала құрылысының жағдайына, жеке кәсіпорындардың қызмет көрсету нысандарының, өндірістік-технологиялық және санитарлық-гигиеналық

## ҚР ҚН 3.01-03-2011

ерекшеліктерінің, өнеркәсіптік тораптың сәулет-жоспарлы шешімінің бар болуына қарай айқындалады.

5.2.10 Қоғамдық орталықтың жанасқан аумағындағы құрылыс құрамы келесілерден тұруы тиіс: кеңсе-әкімшілік, қонақүй, сауда-коммерциялық тағайындалу нысандары, сонымен бірге кәсіби-техникалық және орта арнайы оқу мекемелер, мамандандырылған денсаулық сақтау мекемелері, тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорыдары, спорт залдар, құрылыстар мен спорт алаңдары.

5.2.11 Қосалқы өндірістік және шаруашылықтардың жалпы нысандары аумағында электр қамсыздандыру, сумен қамсыздандыру және су бұру, көлік, жөндеу шаруашалығы, өрт ісі, өнеркәсіптік тораптың үйінді шаруашылығының нысандарын орналастыру қажет.

Өнеркәсіптік тораптың бас жоспарының сызбасын жасауға берілген тапсырмаға сәйкес тізбектелген өндірістер мен шаруашылықтардың көшірілуіне рұқсат етіледі.

5.2.12 Аталған нысандардың келушілеріне қызмет көрсетуге арналған зауыт алдыңғы аумақтарда және қоғамдық орталықтарда МҚН 2.02-05 сәйкес жеңіл автокөліктердің тұрақтарына арналған орындар қарастырылуы қажет.

Кәсіпорындарда, технобақтарда жұмыс істейтін автокөліктердің тұрағы және сақталынуына арналған орындарды кәсіпорын, технобақтың алаң аумақтарында орналастыру қажет.

Кәсіпорын алаңында өткінші және барынша қашықтатылған санитарлық-тұрмыстық жайлардың үлкен арақашықтығы болған жағдайда зауыт ішілік жолаушылар көлігі қарастырылуы тиіс.

5.2.13 Кәсіпорын алаңындағы жұмыс орындарынан санитарлық-тұрмыстық жайларға дейінгі арақашықтықты өнеркәсіптік кәсіпорындардың көмекші ғимараттары және жайлары бойынша нормативтік құжатқа сәйкес қабылдау қажет.

5.2.14 Кәсіпорындарды, технобақтарды, өнеркәсіптік тораптарды реконструкциялауға (кеңейтуге) арналған аймақтар олардың алаңдарының шекараларынан тыс жоспарлануы мүмкін. Жеке цехтарды немесе өндірістерді дамытуға арналған кәсіпорындар алаңында телімдерді резервілеу жобалауға берілген тапсырмаға сәйкес ғана қарастыруға рұқсат етіледі.

5.2.15 Кеңейтілетін және реконструкцияланатын кәсіпорынның бас жоспарында қарастырылады:

а) мекемені, қажеттілігіне қарай, санитарлық-қорғау аумағын (экологиялық компенсация аумақтарын);

б) қаланың жанасқан селитибті және өзге қызметтік аумақтарын жоспарлауы және құрылысы бар торабын;

в) кәсіпорынның негізгі өндірісін тоқтатпастан кәсіпорын және оның абаттандыру алаңдарының жеке аумақтарының қызметтік аймақтандыру және жоспарлы шешімін кезекті жетілдіру;

г) аймақты қолдану тиімділігін арттыру;

д) дара өндірістік және көмекші нысандарды біріктіру;

е) құрылыстың сәулет көрнекілігін жоғарылату.

5.2.16 Өнеркәсіптік кәсіпорындар (алаңдары) аумақтарында ғимараттардың минималды қажетті саны қарастырылуы қажет. Өндірістік, көмекші және қойма



ғимараттарын бір немесе бірнеше ірі ғимараттарға біріктіру қажет. Жеке тұрған ғимараттарды орналастыруға тек техникалық-экономикалық негіздемелердің немесе технологиялық қажеттілік болған жағдай ғана жол беріледі.

Қар тасымалдаудың үлкен көлемдері бар аумақтарда биіктіктердің ауытқуынсыз тік бұрышты конфигурациялы бір ғимаратта өндірістер мен шаруашылықтарды біріктіру қарастырылуы тиіс.

5.2.17 Кәсіпорын алаңдарында орналасқан қарсы орналасқан ғимараттардың координациялық осьтері сәйкес келуі тиіс.

5.2.18 Үлкен динамикалық жүктемелер және грунттың дірілін туғызатын қондырғысы бар ғимараттар мен құрылыстарды әсіресе, дірілдерге ерекше сезімтал құрылыстары бар ғимараттар мен құрылыстардан аймақтың инженерлік-геологиялық шарттарын, іргетас негізінде грунттың физика-механикалық қасиеттерін, сонымен бірге ҚР ҚН 2.04-02 талаптарын ескере отырып, динамикалық жүктемелері бар іргетастарды жобалау бойынша нормативтік құжаттарға сәйкес грунтқа түсетін динамикалық жүктемелер және дірілдердің ықпалын жою іс-шараларын ескере отырып, есептермен айқындалатын арақашықтықтарда орналасуы тиіс.

5.2.19 Ерекше зиянды үрдістері және өрт қауіпті нысандары бар өндіріс және сынақ станциялары, сонымен бірге жанғыш және жылдам тұтанатын материалдар, улы және жарылыс қауіпті заттардың базистік қоймалары техникалық регламенттер және арнайы нормалардың талаптарына сәйкес орналасуы тиіс.

5.2.20 Атмосфераға газ, түтін және шаң-тозаң бөлетін өндірістік үрдістері бар ашық қондырғылар, ғимараттар, құрылыстар, жарылыс қауіпті және өрт қауіпті нысандарды ҚР ҚНжЕ 2.04-01 ескере отырып, басым бағытты желдерге арналған желденетін жағы бар өзге өндірістік ғимараттар мен құрылыстарға қатынасы бойынша орналастырмау қажет.

5.2.21 Салқындандырғыш тоғандар, су қоймалары, қож тұндырғыштар және т.б. апат алған жағдайда сұйықтықтың ағуы кезінде кәсіпорындар немесе өзге өнеркәсіптік, тұрғын және қоғамдық ғимараттар мен құрылыстарды су басып қалу қаупін туғызбайтындай етіп орналастыру қажет.

5.2.22 Бүріккіш бассейндерді жылдың жаздық кезеңінде желдің басым бағытына перпендикулярлы ұзындық жағымен орналастыру қажет.

### **5.3 Тік жоспарлау**

5.3.1 Кәсіпорындар алаңдары мен өнеркәсіптік тораптар аумақтарын тұтасымен тік жоспарлауды егер құрылыс тығыздығы 25 % асқанда ғана, сонымен бірге кәсіпорын алаңдарының жолдар және инженерлік желілермен барынша үлкен қанығуы жағдайында қолданған жөн, қалған жағдайларда – ғимараттар немесе құрылыстар орналасқан аумақтарда ғана жоспарлау жұмыстарын орындай отырып, таңдамалы тік жоспарлауды орындау қажет; таңдамалы тік жоспарлауды сонымен бірге таулы топырақтардың болуы, орман немесе өзге жасыл көшеттердің сақталуы, сонымен бірге жайсыз гидрогеологиялық шарттарда қолдану қажет.

Тік жоспарлауды жобалау кезінде жер жұмыстарының барынша аз көлемін және игерілетін аумақ шектеулерінде грунттың минималды орналасуын қарастыру қажет.

## ҚР ҚН 3.01-03-2011

5.3.2 Кәсіпорындар алаңдары мен өнеркәсіптік тораптар аумақтарында құрылыс жұмыстары өндірісі немесе кәсіпорындар, ғимараттар немесе құрылыстарды пайдалану кезінде бұзылмайтын, ластанбайтын, су баспайтын немесе суға толтырылмайтын топырақтың өнімді қабатын алуды (үймесі секілді, ойықтарды да) қоймалануын және уақытша сақталынуын қарастыру қажет. Топырақтың алынған өнімді қабатын сақтау шарттары және қолдану тәртібі жер телімдерін қолдануға ұсынған органдармен айқындалады.

5.3.3 Жоғары тұсынан су басудан аймақтарды қорғау мақсаттарында беткейден немесе оның табанына кәсіпорындарды орналастыру кезінде таулы орлар орнатылуы тиіс. Орлардың көлденең қиылысуы және олардың саны ҚР ҚН 4.01-03 талаптарын ескере отырып, сумен қамтудың сыртқы желілерін және құрылыстарын жобалау бойынша нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізілген есептер бойынша тағайындалуы тиіс.

5.3.4 Үстіңгі бет суларын бұруды кәріздің сыртқы желілерін жобалау талаптарын ескере отырып, ағысты алдын ала тазалауы бар жабық типті жаңбыр кәрізін кәсіпорындарда қарастыра отырып, барлық бассейнен (су қоймаларына ағыстар, суағарлар, жыралар және т.б.) жүзеге асырылуы тиіс.

5.3.5 Резервуар бақтары немесе жеңіл тұтанатын және жанғыш сұйықтықтары, сығымдалған жанғыш газдары, улы заттары бар жеке тұрған резервуарлар, ережеге сай, кәсіпорын ғимараттары мен құрылыстарына қатынасы бойынша барынша төмен белгілерде орналасуы және өртке қарсы нормалар талаптарына сәйкес (жергіліктің жер бедерлерін ескере отырып) тұтас жанбайтын қабырғалармен немесе жер біліктерімен қорғалуы тиіс.

5.3.6 Кәсіпорындар мен өнеркәсіптік тораптар ғимараттары мен құрылыстарының жоспарлы белгіленуін өңделген нұсқалардың техникалық-экономикалық көрсеткіштерін салыстыру негізінде тағайындау қажет; бұл жағдайда жер массаларының теңгерімін қамтамасыз ету қажет.

5.3.7 Кәсіпорындар мен өнеркәсіптік тораптар алаңдарын тігінен жоспарлауды орындау кезінде егер келесілер жерасты құрылыстары және ағаш көшеттері үшін агрессивті болып табылмаса, өндірістің құлдырауына ұшырамайтын және тұрақты, шірімейтіндерді қалдықтарды қолдану ұсынылады.

5.3.8 Күрделі топографиялық шарттарда өнеркәсіптік тораптарды орналастыру кезінде сәйкес техникалық-экономикалық негіздемелер болған жағдайда өнеркәсіптік тораптың жеке кәсіпорындары ережеге сай, тұтасымен алғанда жер массаларының теңгерімін қамтамасыз ете отырып, үгітімелі немесе алынып тасталынатын грунт орындарында ішінара немесе толығымен орналастыруға болады. Мұндай жағдайларда тігінен жоспарлау жобасы жұмыстар өндірісінің кезектілігін ескере отырып, орындалуы тиіс.

5.3.9 Жаяу жолдардың болмауы жағдайында ғимаратты бойлай суды бұру қажеттілігі туған жағдайда су өткізбейтін жабындарды айнала астаулар құрылысы қарастырылуы тиіс.

5.3.10 Қазақстанның солтүстік өңірлерінде тік жоспарлау кезінде келесі талаптар қадағалануы тиіс:

а) жергіліктің табиғи жер бедерін сақтау мүмкін болған жағдайда өсімдікті және топырақ жабынын, сонымен бірге табиғи өсімдіктерді (ағаштар, бұталар) бұзбау қажет;

б) I қағида бойынша құрылыс жүргізу кезінде қажеттілігіне қарай тік жоспарлау негізі ретінде грунттарды қолдану өсімдік жабынын бұзбастан үймелерді жүзеге асыру; қиып өту тек негіздемелердің түр өзгертуі еритін грунттар үшін айқындалған шектеулі шамалардан аспайтын аумақтарда ғана рұқсат етіледі;

в) үймелердің жоспарлы белгілері және көлемдерін еру кезіндегі грунттың тығыздану мүмкіндіктерін ескере отырып, тағайындау қажет;

г) I қағида бойынша құрылыс жүргізу кезінде жер бедерінің төмендетілген орындарына үстіңгі бет суларының шоғырландырылған босатуларына жол бермеу қажет;

д) мұзға қаныққан грунттарда су бұрын арналарын жобалау кезінде мұздақтардың пайда болуын алдын алу, сонымен бірге жылу техникалық есептерге сәйкес орлар негіздемелері мен баурайларының гидротермиялық тәртібін қамтамасыз ететін конструктивті іс-шаралар қарастырылуы тиіс.

5.3.11 Үнемі қатқыш грунттардағы ойықтар негіздеменің үнемі қатқыш жай-күйін сақтау үшін отырмайтын грунттардан олардың жобалық белгілеулерінен төмен қабатқа ие болуы тиіс. Қабат қалыңдығын жылу техникалық есептер нәтижелері бойынша анықтауға болады.

5.3.12 Қазақстанның солтүстік аумақтары үшін кәсіпорын алаңында үстіңгі бет енгізу бұруларын тек ашық кюветтер немесе астаулар бойынша, ал тереңдіктерден – құбырлар бойынша қарастыру қажет. Ғимараттар мен құрылыстардан су ағарларға дейінгі арақашықтықты жақын орналасқан нысандар негіздемелерінің грунттарының үнемі қатқыш жай-күйін сақтау шарттарынан шығарылатын есептер нәтижелері бойынша анықталуы қажет.

## **5.4 Абаттандыру**

5.4.1 Өндірістік-өнеркәсіптік және қойма нысандарының аумақтары өндірістік, қойма, әкімшілік-тұрмыстық ғимараттар, зауыт алдыңғы аумақтан, жаяу жүргінші-көлік коммуникациясы, санитарлық-қорғаныс жасылдандырылған жолақтан, шағын бақтардан, аумақтың және автотұрақтың жасылдануынан тұрады.

5.4.2 Кәсіпорын аумақта кешенді абаттандыру элементтерінің міндетті тізімі келесілерден тұрады: көлік және жаяу жүргінші коммуникацияларының жабындарының қатты түрлері, үстіңгі беттердің үйлесу элементтері, кіші сәулет формалары (КСФ-лары), ағаш-бұталы тұқымдар және шөптермен жасылдандыру, орындықтар, қоқыс салғыштар, қоқысқа арналған кіші контейнерлер, мүгедектерге арналған пандустар, жарықтандырғыш қондырғылар, ақпарат тасымалдағыштары.

5.4.3 Кәсіпорын аумағы тігінен жоспарлау мекемесінің шектеулерінде жергілікті нөсер кәрізімен жабдықталуы тиіс.

